

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Я дыбысы және әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.05.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimgger.kz/73049/

Түркістан облысы

Арыс қаласы

№32 Ә.Жангелдин атындағы жалпы орта мектебі

Мектепалдыдаярлық тобының тәрбиешісі:

Спатаева Ботакоз Жумабаевна

МАД	Тәрбиеші:Спатаева Б	пәні:сауат ашу	күні:
Тақырыбы	Я дыбысы және әрпі		
Сабақтың мақсаты	<p>Білімділік: Я дыбысы мен әрпін таныту. Оқушыларға Я дыбысы арқылы берілген сөздерге дұрыс оқып, жаза білуге үйрету.</p> <p>Дамытушылық мақсаты: Я дыбысы естілгенмен Я әрпі жазылатын ережені ұстана отырып,білімдерін қалыптастыру. Әр түрлі тапсырмалар арқылы логикалық ойлауын дамыту.Оқушының ой-өрісін, тілін,танымын дамыту.</p> <p>Тәрбиелік мақсаты: Әдемі жаздыра отырып, әдемілікке,тазалыққа тәрбиелеу.</p>		
Көрнекіліктер	Сабақтың көрнекілігі: Я әрпінің баспа және жазба түрі, қима әліппе, суреттер, текшелер, құстың ұясы бейнеленген суреттер		
Іс-әрекет кезендері	Тәрбиеші әрекеті	Балалардың іс — әрекеті	
Психологиялық ахуалды қалыптастыру	Оқушылармен амандасу,шаттық шеңберін құру. -Армысың, шапағатты күніміз -Армысың, мейірімді жеріміз -Армысың, табиғат анамыз Келді Сізге өзіңіздің балаңыз		Балалар алдағы өтетін сабаққа дайындық жасайды.
Ұйымдастыру іздестіру Жаңа сабақ	<p>1-тапсырма. Жұмбақ шешу. Қолы жоқ, сурет салады Тісі жоқ, тістеп алады /АЯЗ/ -Сөз ішінде таныс емес дыбысты табайық. —Я дыбысы. Ендеше бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы қалай аталады екен? —Я дыбысы мен әрпі. Я әрпінің жазылуы а/ баспа түрі ә/ жазбаша түрі б/Я дыбысын хормен айтқызу. в/ Қолымызға қалам алып ауада жазу. г/Я дыбысының артикуляциясын меңгерту. д/ Я дыбысы й+а дыбыстарының қосындысынан тұратындығы, оның екі дыбыстың қосарлана айтылуынан жасалғанымен, бір әріппен ғана таңбаланатынын дұрыс ұғындыру. е/ АЯЗ сөзіне дыбыстық талдау жасату.</p> <p>2-тапсырма Тақтамен жұмыс. Мұғалім Я я әрпінің жазылуын көрсетеді. Я я әрпін бірнеше оқушы тақтада жазып көрсетеді. / Әріп элементтерінің дұрыс жазылуына мән беріледі/</p>		
Сергіту сәті	«Қонаққа барамыз». Балалар үй иелері және қонақтар болып бөлінеді. «Үй иелері» қонақтарды «сиқырлы сөздерді» айтып қарсы алу қажет. Қонақтар сыпайы жауап қайтарады.		Оқушылар ойын ойнайды

Рефлексивті — түзетушілік	Дәптермен жұмыс. Я әрпінің жазылуы Я-әрпі жазылған үлгіні әдемі етіп толтыру.	Тапсырмаларды әр бала өз алдына ерекше орындады.
Күтілетін нәтиже:		
Білу	Тапсырма мазмұнын толық есте сақтады.	
Өзіне үйренгені	Я әрпінің жазылуын үйренеді	
Үйрену	Сұрақтарға толық жауап беруге үйрену.	

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.